



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 20/20
19 қараша



www.nstagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

НОВОСТИ

Аким города Приозерск поздравил работников финансовой сферы с профессиональным праздником!



15 ноября 1993 года, впервые была введена национальная валюта Казахстана - тенге. Историческое событие, которое сформировало независимое экономическое пространство.

Аким города Приозерск поздравил работников финансовой сферы с профессиональным праздником! Ряд сотрудников финансовой сферы были награждены почетными



По этому поводу сегодня на расширенном аппаратном совещании, в день Национальной валюты-тенге!

грамотами и благодарственными письмами! “Желаю всем сотрудникам финансовой сферы материального благополучия, процветания, профессиональных достижений, здоровья, а также стремительного роста в карьере!” Сказал Сапар Сатаев.



Пресс-служба акима
города Приозёрск

2022 жылғы 17 қарашада күшіне енген «Прокуратура туралы» жаңа Конституциялық заңның негізгі ережелерін түсіндіру» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді



2022 жылғы 18-қарашада Приозерск қаласының прокуроры А.Қ. Досмаковтың төрағалығымен Приозерск қаласының әкімдігінде судьяның, құқық қорғау, мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен 2022 жылғы 17 қарашада күшіне енген «Прокуратура туралы» жаңа Конституциялық заңның негізгі ережелерін түсіндіру» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

А.Қ. Досмаков 2022 жылғы 5-қарашада қабылданған «Прокуратура туралы» Конституциялық заң прокуратураның қадағалау және басқа да өкілеттіктерін нақтылайтынын және жүйелейтінін атап өтті. Занда прокуратура қызметінің мақсаттары мен принциптері, құқықтық негіздері және басқа да мәселелер баяндалады, прокуратура жүйесі нақтыланады және олардың әрқайсысының құзыреті айқындалады. Сондай-ақ, занда жоғары қадағалаудың үш нысаны бекітілген-бұл тексерулер жүргізу, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау. Занда прокуратураның өтініштерді қандай мәселелер бойынша қарайтыны нақты көзделген. Сонымен қатар, тексерулер Президенттің, Бас Прокурордың тапсырмасы және облы-

стар мен аудандар прокурорларының шешімі бойынша жүргізіледі. Облыс және аудан прокурорлары тексеруді тек мынадай негіздер бойынша тағайындай алады: мемлекеттік органдар тарапынан жеке кәсіпкердің жұмысына араласу фактісі бойынша, адамның өмірі мен денсаулығына, елдің қауіпсіздігі үшін зардаптардың алдын алу қажет болса, шектеусіз тұлғалар тобының құқықтарын қорғау үшін өзін қорғай алмайтын адамдардың (балалар, қарттар, мүгедектер) құқықтары.

Сондай-ақ, А.Қ. Досмаков Конституциялық заңда Бас Прокурордың Конституцияның 72-бабының 4-тармағына сәйкес Конституциялық сотқа, Жоғарғы сотқа азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот практикасы мәселелері бойынша соттарға түсініктеме беру туралы ұсыныспен жүгіну құқығы бекітілгенін түсіндірді.

Конституциялық заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, бизнес, қоғам және мемлекет мүдделерін тиімді сақтауға ықпал ететін болады.

Приозерск қаласы әкімінің
баспасөз қызметі

"Таңбалы тарланның өлмес мұрасы" Жазушы, аудармашы Жайық Бектұровтың туғанына 110 жыл



Журналист, жазушы, Қарағанды қаласының құрметті азаматы Жайық Кәгенұлы Бектұров 1912 жылы 10 маусымда Ақмола уезінің Моншақты болысында (қазіргі Астана облысы, Алексеев ауданы, "Үрпі" ауылы) туған. 1928 жылы ҚАССР-нің Халық ағарту комиссариатының мұғалімдер курсы бітірген соң, Атбасар қаласында мұғалім болған. Ол 1934 жылы Қазақ коммунистік университетін, ал 1955 жылы Қазақтың мемлекеттік университетін бітірген.

Ж. Бектұров 1932-1937 жылдары комсомол қызметінде болған, 1937-1939 жылдары республикалық "Лениншіл жас" жастар газеті редакторының орынбасары, "Социалистік Қазақстан" газетінің бөлім меңгерушісінің орынбасары міндеттерін атқарған.

1939-1940 жылдары Жамбыл облыстық газетінің жауапты редакторы, ал соғыс басталғанда дивизиалық газетінің редакторы болған.

1942 жылы мамыр айында Ж. Бектұров қамауға алынып, КСРО НКВД-сінің айрықша кеңесінің шешімімен РФСР Қылмысты істер кодексінің 58-ші бабымен сырттай он жылға кесіліп, Солтүстік Оралға жер аударылды. Жабылған жала тек қана 1955 жылы ҚазССР Жоғарғы сотының Президиумының шешімімен күшін жойып, ал 1989 жылы түбегейлі ақталды. Жайық Кәгенұлы елеуінші жылдары педагогикалық қызметте болды. 1958 жылдан бастап 1989 жылғы қыркүйекке дейін ол Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Қарағанды облысаралық бөлімінің жауапты хатшысы болды.

КСРО Жазушылар одағының, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Бүкілодақтық географиялық қоғамының мүшесі, партия мен еңбек ардагері Ж.К. Бектұровтың қоғамдық және әдеби өмірдегі еңбегі оған атақ-абырой әкеліп, жұртшылықтың құрметіне бөледі. Публицист Ж.К. Бектұров өзінің ауқымды да бейнелі сөздерімен Орталық Қазақстанның көптеген фактілері мен тарихи оқиғаларын көпшіліктің жадында қалдырды.

Ол республиканың әдеби ортасында кеншілер өлкесінің қалыптасуы мен дамуының, оның орталығы — Қарағандының шежіресін жазушы ретінде белгілі.

Ж.К. Бектұров өзінің шығармашылық және ұйымдастырушылық таланты арқылы облыс пен республиканың мәдени өміріне үлкен үлес қосты. Ол Қарағанды және Қарағанды облысының энциклопедиясын жасаушылардың бірі болды.

Осы орайда, жазушы, аудармашы Жайық Бектұровтың туғанына 110 жыл толуына орай «Парасат жолы» бұрышында «Таңбалы тарланның өлмес мұрасы» атты әдеби танымдық кеш өтті. Мақсаты: Ж.Бектұровтың өмірімен, шығармашылығымен таныстыру, жалпы адамзаттық құндылықтар, зиялылық, креативтілік, ой-пікір тәуелсіздігі тұрғысынан патриоттық тәрбие беру. Кітапханашы Жайық Бектұров туралы қызықты мағлұматтар жайлы баяндап берді.

Оның көп жылғы әрі тынымсыз еңбегі көптеген үкімет наградаларымен марапатталған. 1977 жылы "Жол жоралғысы" деген кітабы шықты. Бұл жинаққа қаламгердің Ы. Алтынсарин, Ш. Уалиханов, Г. Потанин, қобызшы-жыршы Н. Атабеков жайлы тарихи-көркем очерктері енгізілген. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін қажымай жинап, бастырудағы еңбегі өз алдына бір сала. Ж. Бектұров Абай Құнанбаев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Саттар Ерубаев, Әбділдә Тәжібаев, Тайыр Жароков, Ғабиден Мұстафин, Зейін Ақышев және өзге де қазақ ақын-жазушылары жайында көптеген сын мақалалар жазған. Жазушы басқа ұлттар әдебиетінің озық үлгілерін қазақ оқырмандарына танытуда көп жұмыс тындырды. Ж. Бектұровтың өрнекті тілімен қазақшаланған Г. Серебрякова, Петефи, Дефо, Гашек, Л. Пантелеевтің шығармаларын оқырмандар жылы қабылдаған. Облыстық "Орталық Қазақстан" газетінің бетінде жазушы Азия, Африка елдері қаламгерлерінің бірнеше әңгімелерін аударып бастырған. Кейінгі жылдары, яғни 1991 жылы "Өткел" өлеңдер жинағы, ал 1997 жылы "Қазақстан" баспасынан "Таңба" атты кітабы жарық көрді. Бұл кітап еліміздің шежіресіне қара таңба болып басылған отызыншы-қырқыншы жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің алапат ашы шындығы жайында, сол нәубеттің құрбаны болған тұғырлы тұлғалар, талайлы тағдырлар жайында баян ететін туынды.

Қорыта келгенде мұндай бір туар азаматтардың еңбегін бағалай жүру керек. Жайық Бектұров сияқты алып тұлғалар қоғамның рухани өмірінің көптеген салаларында жарқырап жарық жұлдыз кейпінде көрінеді.

Г.О. Тельтаева
«Приозерск қалалық кітапханасы»
КММ-нің оқырмандарға қызмет ету бөлімінің кітапханашысы.

Л.Н.Гумилев және түркі әлемінің тарихы Орыс этнограф ғалымы Л.Н. Гумилевтің туғанына 110жыл

Лев Николаевич Гумилев Ресей этнолог- XX ғасырдың көрнекті еуразияшы ғалымы, тарихшы-этнолог, тарих және география ғылымдарының докторы, ақын, парсы тілінен аудармашы. Этногенез пассионарлық теориясының авторы. Қазақстанның ежелгі тарихын жетік білген. Ресей жаратылыстану ғылыми академиясының академигі, география және тарих ғылымының докторы, ұлы дала халықтарының тарихын зерттеген маман. Пассионар этногенез теориясының негізін салушы.

Царское селода 1912 жылы 1 қазанда дүниеге келген. Ақын Николай Гумилев пен ақын Анна Ахматованың ұлы. Балалық шағын Тверь губерниясының Слениво атындағы Бежецк уезінде әжесінің қолында өткізген.

аймағының немесе кезеңінің шеңберіне сыймайтын шын мәніндегі еуразиялық масштабтағы ғалым екендігін мойындауымыз керек. Себебі, ол энциклопедист, жалпы тарихтың білгірі.

Қалалық кітапханада тарихшы-этнолог, тарих және география ғылымдарының докторы, ақын Л.Н. Гумилевтің туғанына 110 жыл толуына орай «Л.Н. Гумилев және түркі әлемінің тарихы» тарихи –танымдық сағат ұйымдастырылды. Іс шара барысында Л.Н.Гумилевтің өмір баянымен танысып, атқарған ерең зор еңбегін шолып өттік. Қорыта кетсек: ерең еңбегінің арқасында 1996 жылы Қазақстан Республикасының елордасы Астанадағы жоғары оқу орындарының бірі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті



1917 - 1929 жылдары аралығында Бежецк қаласында тұрды. Бежецк қаласының №1 мектебінде 1926 жылдан 1929 жылға дейін білім алды. Ал 1930 жылы Ленинградта оқыды. 1930—1934 жылдары Саян, Памирдегі, Қырымдағы экспедицияларда жұмыс істеді. 1934 жылдан бастап Ленинград университетінің тарих факультетінде оқыды. 1935 жылы университеттен шығарылып, тұтқынға түсті, бірақ аз уақыттан кейін босатылды. 1937 жылы ЛМУ-ға түсті.

Оның шығармашылығы көпқырлы, бірақ бұл оның ғылыми тұлға ретіндегі өзіндік ерекшелігін анықтауға тосқауыл бола алмайды. 1968 жылы Л.Н.Гумилевтің ірі генетик ғалым Н.В.Тимофеев-Ресовскиймен өзара тиімді деп ойлаған байланысында Лев Николаевич өзі туралы: «Әйткенмен, мен кәсіби тарихшымын», деген. Оның осы сөзін негізге алатын болсақ, кателеспейміз деп ойлаймыз.

Лев Гумилев – тарихшы. Оның ежелгі түркілер тарихына арналған кандидаттық және докторлық диссертацияларын саралайтын болсақ, ғалымның тарихшы-шығыстанушылық ізденісімен бетпе-бет келесіз. Сондай-ақ, Лев Николаевичті түрколог ретінде тануға болады, алайда, бұл мамандық түркі халықтарының тілі мен әдебиетін зерттейтін филологиялық, лингвистикалық бағыт болып табылмады. Бұл оның ғылыми қызығушылығымен мүлдем сәйкеспейді. Лев Гумилевтің шығармашылығын жинақтай келгенде, біз оның белгілі бір шығыс тілінің,

Гумилевтің есімімен аталды. 2002 жылы университет қабырғасында Л. Н. Гумилевтің кабинет-мұражайы құрылды.



2005 жылы тамызда Қазанда «Санкт-Петербург күндеріне және Қазан қаласының мыңжылдығын тойлауына байланысты» Лев Гумилевке ескерткіш қойылды.

Г.О.Тельтаева
«Приозерск қалалық кітапхана»
КММ-нің оқырмандарға қызмет ету бөлімінің кітапханашысы.

Гепатит А

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖЕГІ ҚҰРТ!

ФАКТЫ О ВИРУСНОМ ГЕПАТИТЕ А

1 Механизм передачи инфекции – фекально-оральный

Источником инфекции является больной гепатитом А человек, который с фекалиями выделяет в окружающую среду миллиарды вирусов


2 Инкубационный период – от 7 до 50 дней

Заболевание в среднем длится около 40 дней. Это во многом зависит от возраста, состояния иммунитета, наличия сопутствующих хронических заболеваний, четкого выполнения рекомендаций врача


3 Основная профилактика –

– соблюдать правила личной гигиены, для питьевых целей использовать кипяченую или бутылированную воду, а также ВАКЦИНАЦИЯ.

Министерство здравоохранения Республики Корея



Симптомы



Пути передачи



Гепатит А – вирусное заболевание печени. Передача вируса происходит в результате приема зараженных пищевых продуктов или при непосредственном контакте с больным.

Симптомы обычно проявляются общим недомоганием, повышенной утомляемостью, тошнотой, рвотой, иногда желтухой (темная моча, обесцвеченный стул, пожелтение белковой оболочки глаз и кожного покрова).

Факторы риска включают в себя: плохую санитарную, потребление отсутствием не качественной воды, проживание с лицом, инфицированным острым гепатитом А, поездки в районы с высокой эндемичностью без предварительной иммунизации. Эффективными средствами профилактики этой болезни являются потребление только чистой воды и качественных продуктов, обязательное соблюдение всех

норм личной гигиены. Для профилактики гепатита А имеется безопасная и эффективная вакцина. Она особенно показана детям, проживающим на территориях с высоким уровнем заболеваемости гепатитом А. Медицинским работникам, воспитателям, персоналу детских дошкольных учреждений и общественного питания, работникам по обслуживанию канализационных и водопроводных сооружений. А также с высоким уровнем заболеваемости. Напоминаем жителям города о необходимости профилактики гепатита и ответственного отношения к собственному здоровью.

Приозерское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля.

ФОРТИФИЦИРОВАННАЯ МУКА

Одной из распространенных проблем, угрожающих здоровью человека, является нехватка в рационе питания витаминов и минералов, в числе которых железо и фолиевая кислота. Одним из наиболее распространенных последствий дефицита микроэлементов является анемия, проблемы, связанные с анемией, которые приводят к серьезным осложнениям для здоровья и благополучия людей.

Недостаток фолиевой кислоты и витаминов в рационе является причиной сердечно-сосудистых заболеваний, материнской и детской смертности. Решением проблемы витаминно-минеральной недостаточности во многих странах стала фортификация-обогащение продуктов питания массового и регулярного потребления недостающими компонентами.

Сегодня большая часть продуктов питания, в результате технологической обработки, теряет свои полезные свойства. Лучший способ их восстановления – обогащение. В частности, мука становится действительно полезной для человеческого организма после ее фортификации витаминами и микроэлементами. Фортификация представляет собой процесс внесения в муку небольших объемов витаминов и минералов (витаминно-минерального комплекса, так называемого премикса) во время размолла, это повышает качество и питательную ценность продукции. Фортификация совершенно не влияет на органолептические

и другие свойства муки и не вызывает побочных явлений. Обогащению подлежат мука только высшего и первого сорта, при изготовлении которой зерно очищается от оболочки, содержащей максимальное количество микронутриентов (витаминов).

Срок хранения обогащенной муки составляет шесть месяцев. Производимая для реализации на территории Республики Казахстан мука пшеничная хлебопекарная высшего и первого сортов, подлежит обязательному обогащению (фортификации) железосодержащими витаминами, минералами, аминокислотами, жирными кислотами и другими веществами. И это предусмотрено также законодательством нашей страны - Кодексом Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения».

Важно знать - при выборе муки и хлебобулочных изделий руководствуйтесь не только по сорту и качеству, но также обращайте внимание на ее обогащенность нужными витаминами и минеральными комплексами, которые очень необходимы для здоровья человека. Многие при покупке муки даже не задумываются о наличии в ней полезных свойств. Данные о проведенной фортификации обязательно будут отражены производителем на маркировке товара в соответствии.

Приозерское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КӨП БОЛЫП КҮРЕСЕЙІК

Жер бетіндегі әлемді жайлаған жемқорлық пен паракорлықпен күреске көп болып күш салынуы тиіс. «Коррупция» термині латын тілінің «corruptere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздік тәртіпті білдіреді. Қоғамның қабілеттілігі, оның ішінде біздің жастарды бақылау, мемлекеттік шенеуніктердің жемқорлық әрекеттерін анықтау және болдырмау жергілікті мәселелерді зерттеудің арқасында артады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қоғамның барлық жігінің жүйелі түрдегі күш-жігері қажет. Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланысты, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл – «... жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүліктік пайда табу үшін жеке басына пайдалануы, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алуы». Сыбайлас жемқорлық неге өте қауіпті? Адамдардың көбі пара беру мен сыбайластықты қандай жағдайда да өздері үшін пайдалы немесе зияны жоқ құбылыс ретінде қарастырады: «Мұның несі жаман? Көбірек төледім, есесіне техникалық байқаудан ешбір қиындықсыз өттім, оған қоса уақытты да үнемдедім»; «Дипломды сатып алдым да, ұлымды беделді жұмысқа орналастырдым. Бұдан кімге жаман болды?», - деген ойдағы адамдар – жеке мүддесі ғана ойлайтындар. Ақыр аяғында бұл тек бәрі үшін «жаман» ғана емес, сондай-ақ әрбір адам үшін қауіпті. Өйткені заң билігі әділ болмаса, ол кез келген адамды бүлдіруі мүмкін және саруайымға түсіріп, жат етуі мүмкін.

Жете түсініп көруге тырысайық. Барлығымыз да түрлі салық төлейміз. Алайда табыстың бір бөлігін мемлекетке бере отырып, біз оның әлеуметтік қызметті жүзеге асыруын қамтамасыз ететіндігін ескереміз: тегін білім алу, денсаулық сақтау, инфрақұрылымды құру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Егер мемлекеттік қаражатты сыбайлас жемқорлық тәсілмен бөлсе, не болар еді? Мысалы: Мемлекеттік орган аурухана салу немесе оны жөндеуден өткізуге келісімшарт жасасады. Шарт жасасу кезінде жеке мемлекеттік қызметкер шартты онымен «сенімдік қарым-қатынасқа» түскен фирма өкілдеріне ұсыну үшін олардан пара алады. Бірақ та бірде бір фирма параға кеткен шығындар есебінен өзіне залал келтіре отырып жұмыс жасамайды. Сондықтан «рұқсат» алған мұндай фирма жұмыстың және қолданатын материалдардың сапасын төмендетеді, оған қоса олардың құнын көтеріп жібереді. Соңында тек қоғам зардап шегеді.

Жемқорлыққа ЖОЛ ЖОҚ!



Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тек зиянын тигізіп қоймай, сонымен бірге оң нәтижеге жеткізбейтінін естен шығармауымыз қажет! Өйткені сыбайлас жемқорлық тәсімінде параны көбірек беруші ғана жеңіске жетеді. Бір қорқыныштысы, сыбайлас жемқорлықпен айналысу сол тұлға мен оның жақындарының сана-сезіміне залал келтіріп, дүниетанымындарын бұзады. Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді. Қазақстанда экономиканы жандандыру және ауқымды әлеуметтік түрлендіру жағдайында мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заманауи әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланысқан бүтіндей стратегияның қажеттілігіне анық көз жеткізілді. Осыған байланысты 2014-жылдың 26- желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025-жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді. Алайда, бұл шараның әлі күнге оң нәтиже бере алмай келе жатқаны өкінішті. Сондықтан жемқорлықпен күреске қоғам болып, көп болып жұмылуымыз қажет.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ – ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ

Ұлы Абай: «Халық даналығы – қағазға басылып кітап болып шыққан шарифаттан да, анау патша заңынан да асып түспесе кем түспейтін қазақтың қанатты сөздері, мақал-мәтелдері. Ха-лық сол астарлы, ақылды, ұшқыр асыл сөздерімен билік айтып, соны заң деңгейіне жеткізген. Талқыға түскен істерге айтылған билік тапжылмайтын үкім деп есептелген... Ал, қазақ хал-қының осындай белгілі сөздері, айтқан ойлары, амал не, хатқа түспей, көпшілігі ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып келді...», – дейді. Өте орынды айтылған ой. Бұл жайт бүгінгі күнге дейін еш құнын жоймағаны сөзсіз.

Халық даналығы дегенде ең алдымен біз мақал-мәтелдер мен айшықты сөздерді, бата-тілектерді, сондай-ақ, халықтың бай рухани құндылықтарындағы ұлттың ұлағатты сөздерін-ырым сөздерін, тыйым сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін, афоризмдерді еске аламыз. Мұның бәрін бір сөзбен «аталар сөзі», «халық даналығы» деп жинақтап айтқан жөн секілді. Расында да, егер даналық сөздерді жеке-дара мән бере талдап көрсек, олардың жайдан-жай айтылмағанына куә болып, ондай рухани-мәдени мұралардың әрбірінің тамыры тым тереңде жатқанын көреміз. Олар ел өмірінің әр кезеңдерінде пайда болып, әрқайсысының өзіне тән қалыптасқан тарихы бар екенін де сеземіз. Тіпті, кейбірінің тарихи тамырын болжап айту да қиын. Өйтеуір, атам заманнан бері халықпен бірге жасасып, қатар өмір сүріп келе жатқандай әсер етеді. Қалай дегенде де, қазақ халқы ғасырлар бойы әрбір жаңа буынды осынау байтақ мұра – нақыл сөздермен оқытып, солар арқылы жастарға тәрбие өнегесін беріп келгені даусыз. Бүгінгі күнде де, мақал мен мәтелдерді мектеп қабырғасында үйретудің тәлім-тәрбиелік маңызы орасан зор. Себебі, олар көңілдегі күрделі ойлардың мәнін дәл, қысқа да нұсқа жеткізудің, жинақты ойды көркемдеп танытудың таптырмас құралы.

Білім беретін орта мек-тептердегі ана тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда ұстаздардың негізгі мақсаты білім нәрі мен тәрбие тағылымын ұштастыра жүргізу дейтін болсақ, онда бұл мәселеде мақал мен мәтел сынды даналық ойлардың жалпы мектеп тұрмысындағы оқу-тәрбие жұмысына тигізер пайдасы мол дер едік. Мұнда елдік нақылдар әуелі сабақ тақырыбы мен ондағы білім мазмұны жайлы жинақты ой түйіндеп, кешенді тәрбие беретін болса, одан кейін шәкірттердің ой-өрісін дамытуға, өмірге деген көзқарасының дұрыс қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен бірге, оқушылардың тілдерін ұстартып, ойын жүйелеуіне, өз беттерінше ізденуіне, өмірді тани білуіне үйретеді. Ресми деректер бойынша тілімізде 15 мыңнан астам мақал-мә-

телдер бар. Мектепте кейде сабақ үстінде шәкірттердің өзін қатыстыру да жақсы нәтиже бермек. Әдетте, сыныпта немесе пән кабинетінде сабаққа қатысты тақырып-тақырыптар бойынша жазылып ілінетін даналық үлгілері, мақал-мәтелдер жазылған тақырыптық альбом, жаңа сабаққа арналған стенд көрнекілік ретінде алдын-ала әзірленіп, оқушылардың әдебиет пәнінен жазып жүрген жеке дәптерлері қамтамасыз етіледі. Бұл құралдар сабақтың мазмұнын ашып, шәкірттердің жаңа тақырыпты жеңіл түсінуіне, саналы түрде меңгеруіне көмек етеді. Тақырып дегеннен шығады, халқы-мыздың бай рухани мұрасындағы даналық ақыл-нақыл сөздердің тақырыптары да, мазмұндары да әр алуан болып келеді. Айталық, жас жеткіншек балаларға, тамақ-асқа, мал-жанға, үй хайуандары мен адам тіршілігіне, киім-кешек, жүру-тұруға, ыдыс-аяқ, уақыт-мезгіл, жақсылық пен жамандыққа, аман-саулыққа байланысты мақал-мәтелдер күнделікті тұрмыста өте жиі кездеседі. Өйткені, аталған тақырыптар өздеріне тиісті мәселелерге сәйкес халықтық тәрбиеде өзара қарым-қатынас әдебін қалыптастыруға, дұрыс пайымдаулар жасауға бағыттайды. Мақал-мәтелдердің әрқайсысының жас ұрпаққа тәрбие берудегі мән-маңызын зерделесек, нәтижесінде, бұл даналық сөздер адамның өмір сүруіне қажетті жақсы нәрселерден үлгі алуға, жаман нәрселерден аулақ болуға үндейтін көз жеткіземіз. Мәселен, жас балаларға байланысты айтылған «бос бесікті тербетпе», «бесікті аяқпен тербетпе», «нәресте балаға көп қарамайды», «баланың бесігін жабусыз қалдырмайды», «ұйықтап жатқан баланы аударып жатқызбайды», «жас нәрестені қос алақанға салып көтермейді», «тілі шыға бастаған баланың киімін жұлдызды түнге қалдырмайды», «нәресте баланы қолменен салмақтап өлшемейді» сынды тыйым сөздердің тәрбиелік мәні терең. Мұндай тыйым сөздердің халықтың даналығы ретінде айтылу себебі, ұлттың мистикалық ой қорытуларына байланысты болғаны белгілі. Өйткені, халықтың нанымдары бала бөленіп, тербелген бесік, бала бесіктен шыққанша (тәй-тәй басып, тұсауы кесіліп, бесікке бөленуден қалғанша) бос тербелсе, жамандық қатары көрінген, ол жаман ырымға саналған. Былайша айтқанда, аман-сау бала бесіктен жайдан-жай шығарыла салмайды; ырыммен бөленіп, ырыммен шығарылады, сондықтан ол құр бос тербетілмеуі керек. Бала аман-есен болса, бесік те ата-ананың көзіне сүйкімді көрініп, үйдегі ең қасиетті де қастерлі бұйым ретінде төрден орын алады.

Ал, егер, нәресте бала ауырып, т.б. себептермен бесік бос қалып қалса, оны көрген нәрестенің анасының қос

емшегі сыздап, қайғысы артқан. Бесік тербетілмей, үстіне жабуы жабылмай, көңілден тыс қалған. Сондықтан нәресте жатқан «тал бесікті аяқпен теппе, аяқпен тербетпе, бесіктің үстіне асылып жатпа» деген секілді тыйым сөздерді ата-бабаларымыз ежелден өсиет-насихат еткен. Оған қоса, қазіргі медицинадағы адамның қорғаныс қабілеттерін, оны сыртқы дерттерден қорғайтын биоэнергия, биоөріс ілімі туралы халықтың ертеден мәліметі болғанын, ел ішінде оған «кірнелеу» сияқты емдік ырымдарды жасағанын баяғыдан білеміз. Ауырып қалған баланы түзбен, аршамен кірнелеп, баланың бүкіл денесін сылап, «шық, кірне, шық, сені нәресте балам көтере алмайды, шық, кірне, шық, түнде жортқан түлкіге бар, абалап үрген итке бар, көкте ұшқан құсқа бар, шық, кірне, шық» деген сияқты ырым сөздер айтқан. Сөйтіп, бөлмеге арша немесе адыраспан түтінімен ііс шығарып аластаған. Сол арқылы микробтарды өлтіріп, жас баланың денесін қой майымен бірнеше рет сылап, бұзылған биоэнергияны қалпына келтірген. Сонда ғана ауырган жас нәресте бас көтеріп, сырқатынан тез айығып кеткен. Мұның нәресте балаға үлкен (биоэнергиясы күшті) адамның көңіл қойып, назар салып қарағандығынан болатын жағдай екенін халықтық медицина жақсы түсіндіреді. Өйткені, биоэнергиясы әлсіз жас нәрестені үлкен адамның «назарынан» шыққан бұзылған биоток әлсіретіп тастаған. Оны ел ішінде «назарланды», «көз тиді», «назарланып ауырып қалды» деп жағады. Сондықтан, халық «жасы үлкен адам жас балаға көп назар салып қарамайды, көзі тиді» деп оны қорғаштаған, бала денсаулығын ойлап алдын ала қам жеген.

Тамақ-асқа байланысты айтылған ырым немесе тыйым сөздердің мән-мағынасы да жоғарыдағы сөздерден кем емес. Халқымыз нанға, дастарханға ерекше мән беріп, жоғары бағалаған. Ел ішінде бір ұрттам су да, бір сындырым нан да адамның негізгі ырызығы ретінде есептелген. Үйге келген адамға «құтты үйден құр шықпайды» делініп, нан ауыз тигізген. Үй жанынан өтіп бара жатқан жолаушы адамды да «Қырықтың бірі – қыдыр» немесе «Ырысты үйдің жанынан құр ауыз өтпейді» деп ырымдап дәм татқызған. Үйіне жақын көрші болып көшіп келгендерге «ерулік» беріп, сый көрсеткен. Ал, алдына келген асты күттіріп, басқа шаруамен айналысқандарды ел жақтырмаған. «Алдына келген ырысқыны күттірмейді» деп қатаң ескерткен. Сонымен қатар, қонаққа шақырған адамы уақытында келмей қалса, оған арнап алып қалған тамақты сол кісінің өзіне беруге әрекет жасаған, сол үшін «біреуге қойған несібе-ырысқыны басқаға бермейді» деп үйрет-

кен. Дастарханды теріс қаратып салуды да дұрыс көрмеген. Онда дастархан үстіндегі ырыздық аударылып қалады деп есептелінген. Дастарханды аяқпен басу әдепсіздік, білмегендік болып танылған. Нан халқымызда ерекше бағаланып тамақ-ас ретінде бар ырыстың бастауы деп есептеледі. Бұл күн сайын жас жеткіншектерге халықтық ереже түрінде айтылып, «нанды теппейді, нанды аттап өтпейді, нанды бір қолмен жұлып жемейді, тамақ жеудің алдында наннан ауыз тиеді, нанды теріс аударып тастамайды, кір-лас қолмен нанды ұстамайды» деп ескертіледі. «Нанның ұсағын аяқ астына тастама, нанды тең бөліп сындырса, ырысқы үйге тең болады, нанды лақтырмайды» деп ұлағат айтқан.

Төрт түлік малдың ішінде жылқыны қазақ халқы айрықша бағалаған. Оны «Ат – ердің қанаты», «Ат сыйлаған жаяу қалмас», «Жылқы – мінсең көлік, жесең тамақ, ішсең сусын» деген секілді бірқатар айшықты мақал-мәтелдермен әспеттеген. Жақсы ат жігіттің жан серігі болған, онымен қалаған жеріне жеткен, қашса құтылған, қуса жеткен. Ол иесін жолда қалдырмаған. Сондықтан қазақ халқының жылқыға деген сүйіспеншілігі өзгеше болып, ол туралы көптеген өнегелі нақыл сөздер, ұлағатты әңгімелер қалдырған. Айталық, «Мінген атыңды басқа ұрма, жолыңнан адасасың», деп халық жылқыны күте білуге, мәпелеп міне білуге үндеген. Бұл сөздің төркінінде атты күте білу мәдениеті мен ырым-салттар жатқандығын аңғаруға болады. Үй тіршілігіне, отбасы тұрмысына байланысты да айтылған ырым сөздер өте көп кездеседі. Бұл сөздер жастарды күнделікті өмір сүру мәдениетіне шақырған халықтық қағидағар секілді екені сөзсіз. Өйткені, олар ұл балалардың да, қыз балалардың да жастайынан күнделікті жадында болатын, міндетті түрде орындайтын халықтық педагогикалық құндылықтар қатары қабылданған. Мұнда халықтық тыйым сөздер де, оны орындауға үндеген тәртіптік қисындар да, үгіт-насихат түріндегі өнегелі сөздер де молынан табылады.

Бұл айтылған мәселелерден шығатын қорытынды – біз халықтық даналықтарымызды үйде де, бала-бақшалар мен мектептерде де, қайда жүрсек те үнемі жастарға айта отырып, олардың мәнісін түсіндіріп отыратын болсақ, осынау бай рухани құндылықтарымыздың өмірін ұзартып кейінгі ұрпаққа бұдан әрі қарай да мұра етіп қалдыра алар едік. Сонда ғана жасы үлкендердің жастар алдындағы үлкендік парызы орындар еді, әрі ұлттық тәрбие тағылымы қалыптасар еді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №20/20, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
«Қазпошта» бөлімшелерінде жазылу индексі:66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.